

«БЕКІТІЛДІ»
«QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің
2018 жылғы «24» қазандағы № 34 шешімі

«QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің
бетпе-бет отырысының
2018 жылғы «24» қазандағы
№ 34 хаттамасына № 7 қосымша

**«QAZAQ AIR» АҚ-ның
Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

Алматы, 2018 ж.

Мазмұны

1	Кіріспе.....	3
2	Қолдану саласы	3
3	Анықтамалар мен қысқартулар.....	3
4	Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары.....	5
5	Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен жымқыру түрлері.....	5
6	Жүзеге асыру тәсілі.....	6
7	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау	8
8	Контрагенттерді тексеру.....	9
9	Қайырымдылық қызметке қатысу және демеушілік	9
10	Саяси қызметке қатысу	10
11	Рәсімділіктерді жеңілдетуге ақы төлеу	10
12	Сыйлықтар және өкілдік шығындар.....	10
13	Өзара ынтымақтастық.....	11
14	Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары	11
15	Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары	12
16	Қорытынды ережелер.....	12
	№ 1 қосымша – Растау	14
	№2 қосымша – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе	15
	№ 3 қосымша – Тәуекел факторлары	18

1. Кіріспе

1.1. Осы «QAZAQ AIR» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына, Қазақстан Республикасының алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттерге, мүлік жымқыруға қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де заңнамалық актілеріне, сондай-ақ «QAZAQ AIR» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат:

- Қоғамда және оның еншілес ұйымдарында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;
- алаяқтық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерді;
- сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттердің салдарларын азайту және (немесе) жою, олармен күрес жөніндегі іс-шараларды;
- Қоғам жұмыскерлерінің арасында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Қоғам қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауды танымал етуді белгілейді.

1.3. Лауазымдық міндеттерін атқару кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ететін Қоғам және оның еншілес ұйымдары жұмыскерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру осы Саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

1.4. Бұл Саясат Қоғамның Әдеп кодексімен, сондай-ақ осы саланы реттейтін Қазақстан Республикасының барлық тиісті нормативтік құқықтық актілерімен бірге қаралуы және Қоғам тарапынан толық қолдау көруі тиіс.

2. Қолдану саласы

2.1. Осы Саясаттың нормалары Қоғамның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығымен Қоғамға тиесілі (еншілес ұйымдар) немесе сенімгерлік басқарудағы ұйымдардың лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, сондай - ақ шарттық қатынастар аясында не жоғары тұрған органның тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін үшінші тұлғалар - контрагенттерге (аудиторлар, агенттер, консультанттар) қолданылады.

3. Анықтамалар мен қысқартулар

3.1. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылды:

- **Қоғам** – «QAZAQ AIR» акционерлік қоғамы;
- **Құрылымдық бөлімше** – Қоғамның ұйымдық құрылымына кіретін және Қоғам қызметінің белгілі бір бағытына жауапты бөлімше (Департамент, Басқарма, Бөлім, Қызмет және т. б.);
- **Қоғам органдары** – Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Қоғам Басқармасы, Ішкі аудит қызметі;

- **Акционер** – Қоғамның жоғарғы органы.
- **Қоғамның Директорлар кеңесі** – Қоғамның басқару органы.
- **Қоғам Басқармасы** – Қоғамның атқарушы органы.
- **Ішкі аудит қызметі** – Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган.
- **Комплаенс-маман** – лауазымдық міндеттеріне осы Саясатты енгізу және мониторингтеу кіретін, Қоғам мен оның жұмыскерлері қызметінің осы Саясаттың талаптарына сәйкестігі үшін жауапты Қоғам жұмыскері (немесе Қоғам осындай өкілеттіктерді уақытша берген тұлға).
- **Мүдделі тараптар**- заңнама нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) байланысты немесе осы іс-әрекеттермен жанама түрде (орташа) байланысты, Қоғам қызметіне ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар топтары. Акционерлер, жұмыскерлер, клиенттер, өнім берушілер, мемлекеттік органдар, еншілес ұйымдар, облигация ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, Қоғам қызметі жүзеге асырылатын өңірлердің тұрғындары мүдделі тараптардың негізгі өкілдері болып табылады;
- **Лауазымды тұлға**- Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының мүшесі,
- **Алаяқтық** – алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру немесе бөтеннің мүлік құқығын иемдену;
- **Сыбайлас жемқорлық** – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы осы тұлғаларды паралауы;
- **Алаяқтық іс - әрекеттер**- компания есебінен пайда алу және/немесе оған материалдық және/немесе материалдық емес залал келтіру мақсатында жеке және/немесе заңды тұлғалардың қасақана іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі;
- **Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер** –Қоғам жұмыскерінің өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, мүлік немесе өзге де игіліктер түрінде пайда табу мақсатында жасайтын қасақана іс-әрекеттері;
- **Сыбайлас жемқорлық тәуекелі**– сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға бағытталған қызмет;
- **Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - лауазымды тұлғалардың, Қоғам және еншілес ұйым жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі мынадай қызметі:
 - а) алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде себептерін анықтау және жою (алдын алу) бойынша;
 - б) алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін анықтау, алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша (күрес);
- **Жымқыру**- бөтен мүлікті кінәлі тұлғаның немесе осы мүліктің меншік иесіне немесе

өзге иеленушісіне залал келтірген басқа тұлғалардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алу және (немесе) айналымға салу;

- **Контрагент** – Қоғаммен, еншілес ұйыммен жасалатын шарт бойынша тарап болып табылатын және әлеуетті өнім беруші (орындаушы немесе тапсырыс беруші) ретінде өзіне қандай да бір міндеттемелерді қабылдаған заңды немесе жеке тұлға;

- **ПБД** – Қоғамның адам ресурстарын басқару мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Персоналды басқару департаменті;

- **Жедел желі** – сыртқы оператор-компания әкімшілендіретін Акционерге бастамашылықпен ақпарат беру бойынша орталықтандырылған желі

3.2. Осы Саясатта қолданылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қоғам жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында не жалпы қабылданған халықаралық практикада белгіленген мәндерге ие.

4. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

4.1. Қоғамдағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- заңдылық;

- қызметтің жариялылығы мен ашықтығы;

- басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге де шараларды кешенді пайдалану;

- Қоғам жұмыскерлерінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын және лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдесу;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты жүзеге асыру;

- мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Қоғамның серіктестері және клиенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы ынтымақтастық.

5. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен жымқыру түрлері

5.1. Қоғамда алаяқтық әрекеттердің келесі түрлері туындауы мүмкін:

а) ішкі:

- қаржылық есептілікті бұрмалау - заңсыз пайда алу үшін заңсыз іс-әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы жұмыскерлер және/немесе басшылық құрам арасынан бір немесе бірнеше тұлғаның қасақана жасаған іс-әрекеттері;

- Қоғам активтерін заңсыз пайдалану / иемдену/жымқыру - ақша қаражатын жымқыру, ақша және негізгі құралдарды мақсатсыз пайдалану, негізгі құралдарды, тауар-материалдық құндылықтарды жымқыру және қасақана бүлдіру;

- сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану және лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану - мүлктік пайда алу үшін

өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдалану, тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі бұзушылықтар, оның ішінде құжаттарды қолдан жасау/бұрмалау, ақшалай сыйақы, қымбат сыйлықтар немесе жеке пайданың басқа да түрлерін алу үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасын қасақана көтеру немесе төмендету.

б) сыртқы:

- қосымша пайда алу мақсатында контрагенттер жасайтын іс-әрекеттер, оның ішінде, салдарынан Қоғамға және / немесе мемлекетке залал келтірілуі мүмкін салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеуден жалтару

;

- контрагенттердің алдау не жаңылыстыру және Қоғам есебінен пайда табу мақсатында көрінеу жалған, өзгертілген не бұрмаланған ақпарат беруі;

- Қоғамның қызметіне зиян келтіру және/немесе оның беделіне теріс әсер ету мақсатында Қоғамның ақпараттық жүйелеріне рұқсатсыз кіруге немесе құпия ақпаратты иемденуге бағытталған іс-әрекеттер;

- Қоғам активтерін заңсыз пайдалану / иемдену / жымқыру;

- Қоғамның мен еншілес ұйымдарының негізгі құралдарын, тауар-материалдық құндылықтары мен қорларын жымқыру және қасақана бұлдіру.

5.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар болып мыналар саналады:

- пара беру немесе алу кезінде қасақана жасалған әрекеттер;

- Қоғам мен оның Акционерінің заңды мүдделеріне қарамастан, ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы қызметтер түрінде пайда алу мақсатында Қоғам жұмыскерін коммерциялық параға сатып алу не өзінің қызмет бабын өзге де заңсыз пайдалануы;

- өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге мүліктік құқықтарды алу не басқа жеке тұлғалардың көрсетілген тұлғаға осындай пайданы заңсыз ұсынуы;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлық туралы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу.

6. Жүзеге асыру тәсілі

6.1. Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әрекеттердің алдын алу немесе анықтау мақсатында Комплаенс-маман келесі іс-шараларды жүргізеді:

- Қоғамда, сондай-ақ оның еншілес ұйымдарында келіп түскен ақпарат бойынша қызметтік тергеу/аудит/тексеру жүргізуге бастамашылық жасайды;

- қажет болған жағдайда мүліктің есептен шығарылуын, кәдеге жаратылуын, сақталуын тексереді;

- тауарлық-материалдық құндылықтар мен қорлардың, сондай-ақ негізгі құралдар мен өзге мүліктің қалдықтары мен артығын тексеруді жүзеге асырады;

- алаяқтық және сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттердің алдын алу, жолын кесу, анықтау және тергеу мақсатында кез келген іс-әрекеттерді жүргізеді.

6.2. Алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің ықтимал фактісі туралы ақпарат/құжаттар қағаз тасымалдағышта тікелей Қоғамның ішкі аудиторуна, Комплаенс-маманға жіберіледі, сондай-ақ сканерленген түрде Жедел желінің

электрондық адресіне жолданады.

6.3. Комплаенс-маман осы Саясаттың 8.3-тармағына сәйкес уәкілетті органдардың ресми сайттары (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Сот кабинеті және басқалар) арқылы не сұратулар жіберу арқылы Қоғамның қажетті бөлімшелерін (қажет болған жағдайда) тарта отырып, жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің болуы тұрғысынан әлеуетті контрагентке тексеру жүргізуге міндетті.

Әлеуетті контрагентті тендер және баға ұсыныстарын сұрату қорытындылары бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тексеруді Комплаенс-маман Қорытындылар туралы хаттаманы алған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде жүзеге асырады.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алу кезінде әлеуетті контрагентті тексеруді Комплаенс-маман сатып алу туралы шартты (әлеуетті контрагент атауы көрсетілген) алған күннен бастап күнтізбелік 3 күн ішінде электрондық хабарлама арқылы, құжаттың Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелері арасында келісу рәсімінен өтуі кезінде жүзеге асырады.

6.4. Қоғамның және еншілес ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Саясаттың 6.2-тармағының шарттарына сәйкес өздерінің күдіктері туралы хабардар етуге немесе кез келген лауазымды тұлға немесе жұмыскер, өнім беруші немесе Қоғамға және еншілес ұйымдарға қандай да бір қатысы бар басқа тараптар жасаған ықтимал алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері туралы басқа тұлғалардан алынған мәліметтерді ұсынуға міндетті.

6.5. Заңсыз әрекет жасалды деп пайымдауға жеткілікті негізі бар кез келген тұлға өз бетінше тергеу жүргізуге, алынған ақпаратты басқа тұлғалармен талқылауға және т. б. тырыспауы тиіс.

6.6. Комплаенс-маман «QAZAQ AIR» АҚ-ның Құпия ақпаратты ашу саясатына және «QAZAQ AIR» АҚ Ішкі қызметтік тергеулер жүргізу тәртібі туралы ережеге сәйкес бұзушылықтар туралы адал хабарлаған барлық лауазымды тұлғалар, Қоғамның және еншілес ұйымдардың жұмыскерлері, сондай-ақ өзге де тұлғалар (контрагенттер) туралы ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді.

6.7. Қоғам Жедел желіге келіп түскен алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық фактілері туралы анонимді хабарламалар бойынша тексеруді немесе қызметтік тергеуді Қоғамның бастамашылықпен ақпарат беру саясатына сәйкес жүзеге асырады.

6.8. Мән-жайларды анықтау мақсатында, Комплаенс-маман дербес не Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп «QAZAQ AIR» АҚ-ның Ішкі қызметтік тергеу жүргізу тәртібі туралы ережесіне сәйкес алаяқтық не сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қызметтік тергеу жүргізу үшін Комиссия құра алады.

6.9. Комплаенс-маман не Комиссия мүшелері қызметтік тергеу жүргізу аясында Қоғамның барлық құжаттарына және Қоғамның меншігі болып табылатынына немесе жалға алынғанына қарамастан, барлық объектілерге еркін және кедергісіз қол жеткізе алады. Сондай-ақ тергеу саласы шегінде папкаларда, жұмыс үстелдерінде немесе Қоғам объектілеріндегі басқа да сақтау орындарында, оның ішінде құпия сипаттағы құжаттарды тексеруге, суретке түсіруге, бейнеге түсіруге және толық немесе ішінара көшіруге құқылы.

6.10. Қоғамның қызметтік тергеу жүргізген жұмыскерлері алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға және өтініштер мен тергеуге қатысты ақпаратқа қолжетімділікті «QAZAQ AIR» АҚ-ның Құпия ақпаратты ашу саясатына сәйкес заңды құқығы бар тұлғаларға ғана рұқсат бере отырып, барлық байланысты тараптардың беделін қорғауға міндетті.

6.11. Қоғамның немесе еншілес ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері тарапынан алаяқтық және сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілер анықталған жағдайда айыптау немесе тергеу нәтижелерін тиісті құқық қорғау органдарына жіберу туралы шешімді Қоғамның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қабылдайды.

6.12. Қоғам қызметтік тергеу/тексеру жүргізу барысында жиналған қолда бар материалдарды құқық қорғау және сот органдарына беруге құқылы.

6.13. Тұлғаларды тәртіптік жауаптылыққа тарту үшін дәлелдемелер жеткілікті болған барлық жағдайларда, бұл Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтай отырып жасалады.

6.14. Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының өзге де жұмыскерінің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру фактілері туындаған жағдайда және/немесе Қоғам жұмыскерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру жөнінде белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпаратты білетін Қоғам жұмыскерлері Комплаенс-маманды дереу хабардар етуге міндетті.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау

7.1. Қоғам басшылығы «QAZAQ AIR» АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау қағидаларына («QAZAQ AIR» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы «21» ақпандағы шешімімен бекітілген «QAZAQ AIR» АҚ-ның Тәуекелдерді басқару саясатына 4-қосымша) сәйкес мерзімді негізде тоқсанына кемінде бір рет және қажеттілігіне қарай сыбайлас жемқорлық саласындағы тәуекелдерді бағалауға бастамашылық етеді.

7.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, сондай-ақ Қоғамның пайда алуы мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары болатын Қоғам қызметінің нақты процестері мен түрлерін айқындау болып табылады.

7.3. Комплаенс-маманның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды жүргізу тәртібі:

1) Қоғамның бизнес-процестерінің блок-схемаларын пайдаланып, олардың әрқайсысында құрамдас элементтерді бөліп көрсету;

2) «сыни межелерді» бөліп көрсету - әрбір процесс үшін іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау ықтималы неғұрлым жоғары элементтерді айқындау;

3) іске асырылуы сыбайлас жемқорлық тәуекелімен байланысты әрбір элемент үшін ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың сипатын құрастыру, оның ішінде:

- «сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық» жасаған кезде Қоғам немесе оның жекелеген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері алуы мүмкін пайданың немесе артықшылықтың сипаттамасы;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін «түйінді» болып табылатын Қоғамдағы лауазымдар, - Қоғамның қандай лауазымды тұлғаларының қатысуы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауды мүмкін етеді;

- сыбайлас жемқорлық төлемдерін жүзеге асырудың ықтимал түрлері.

8. Контрагенттерді тексеру

8.1. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайтуға саналы күш-жігер жұмсайды, ол үшін контрагенттердің парақорлыққа төзімділігіне мынадай тексерулерден тұратын бағалау жүргізіледі:

- оларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзіндік саясаттың немесе рәсімдердің болуы;

- осы Саясаттың талаптарын сақтауға дайындығы;

- шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді енгізуге дайындығы (осы Саясатқа 2-қосымша), сондай-ақ бизнесті нормаларға сай жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдем көрсету.

8.2. Жасалған шарттың құрамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені пайдалану өнім берушінің осы Саясаттың талаптарына сәйкестігін растау болып табылады.

8.3. 6.3-тармақтың талаптарына сәйкес контрагенттермен іскерлік қатынастар орнату ниеті болған кезде. Комплаенс-маман тізімі осы Саясаттың № 3 қосымшасында келтірілген «тәуекел факторларының» болуына тексеру жүргізуі қажет.

8.4. «Тәуекел факторлары» (сыбайлас жемқорлық, алаяқтық) анықталған жағдайда тиісті шешім қабылдау үшін Комплаенс-маман ол туралы міндетті түрде Қоғам басшылығының назарына жеткізу қажет. Мұндай мәліметтерді Комплаенс-маман жасалатын шартқа қоса берілетін келісу парағында «Түсініктемелер» бағанында да көрсетеді.

9. Қайырымдылық қызметке қатысу және демеушілік

9.1. Қоғам өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландыруды дербес немесе өкілдіктер, еншілес ұйымдар, сондай-ақ өз жұмыскерлері мен өкілдіктің және еншілес ұйымдардың жұмыскерлері арқылы жүзеге асырмайды.

10. Саяси қызметке қатысу

10.1. Қоғам өз қызметінде артықшылық алу немесе оны сақтау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды дербес немесе өкілдіктер, еншілес ұйымдар, сондай-ақ өзінің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері, өкілдіктің және еншілес ұйымдардың жұмыскерлері арқылы жүзеге асырмайды.

10.2. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық қорлар сияқты қоғамдық бірлестіктерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылған өзге де коммерциялық емес ұйымдарға, сондай-ақ мақсаты Қоғам үшін өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау болып табылмайтын халықаралық қоғамдық бірлестіктерге қатысуға құқылы.

10.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне қоғамдық бірлестіктерге қатысқан кезде өз қызметінде Қоғам үшін артықшылық алу немесе оны сақтау мақсатында Қоғам атынан төлемдер ұсынуға, беруге, уәде етуге немесе жасауға, мүлік беруге, сыйлықтар ұсынуға және т.б. тыйым салынады.

10.4. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері қоғамдық ұйымдарға қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауаптылықта болады.

11. Рәсімділіктерді жеңілдетуге ақы төлеу

11.1. Осы Саясат рәсімділіктерді жеңілдеткені үшін сыйақы ретінде төлемдер төлеуге немесе қабылдауға тыйым салады. Рәсімділіктерді жеңілдетуге ақы төлеу қалыпты рәсімдерді орындау немесе жеделдету үшін лауазымды тұлғаларға берілетін төлемдерді білдіреді. Рәсімділіктерді жеңілдетуге ақы төлеу мөлшері туралы ақпарат ашық түрде қолжетімді қызметтер үшін төленетін ресми алымдардан ерекшеленеді.

12. Сыйлықтар және өкілдік шығындар

12.1. Қоғам іскерлік сыйлықтармен алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылыққа арналған шығыстарды жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды. Қоғам іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын барынша көтермелейді.

12.2. Іскерлік сыйлықтармен алмасу және өкілдік шығыстарды жүзеге асыру, оның ішінде Қоғамның үшінші тұлғаларға қатысты іскерлік қонақжайлылықты жүзеге асыруы мынадай өлшемшарттарға сай келуге тиіс:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, "QAZAQ AIR" АҚ мінез-құлық кодексінің, "QAZAQ AIR" АҚ өкілдік шығыстары туралы Ереженің, "QAZAQ AIR" акционерлік қоғамында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Ереженің және қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарының нормаларына толық сәйкес келуі;

- ақылға қонымды болу және сәнді заттар болмау;

- қызмет көрсеткені, әрекетсіздігі, әрекетсіздігі, салғырттығы, қамқорлығы, құқықтар беруі, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат беру туралы белгілі бір шешім қабылдауы немесе өзге де заңсыз немесе әдепке жат мақсатта алушыға ықпал етуге әрекет жасағаны үшін жасырын сыйақы болып табылмайды;

- сыйлықтар немесе Өкілдік шығыстар туралы ақпарат жария етілген жағдайда қоғам, қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері және өзге де адамдар үшін бедел

тәуекелін тудырмауға тиіс.

12.3. Іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық бойынша барлық шығындарды, сондай-ақ жарнамалық шығындарды Қоғам басшылығы мақұлдауы керек.

12.4. Қоғам жұмыскерлері алған кез келген сыйлықтары туралы Комплаенс-маман мен тікелей басшыны міндетті түрде хабардар етеді. Комплаенс-маман мұндай сыйлықтардың есебін (тізілімін) жүргізуге міндетті.

12.5. Егер іскерлік сыйлықтың құны осы немесе ұқсас сыйлықтың орташа нарықтық құны ретінде айқындалатын, кемінде 3 әлеуетті өнім берушіден коммерциялық ұсыныстар алу жолымен есептелген (интернет-дүкендердің деректері коммерциялық ұсынысқа теңестіріледі) 2 АЕК құнынан асып кеткен жағдайда, Қоғам жұмыскері 5 күн мерзімінде алған сыйлықты оны жіберген тұлғаға қайтаруға міндетті. Егер қайтару мүмкіндігі болмаса, Қоғам басшылығы және Комплаенс-маман алынған сыйлықтың ары қарайғы тағайындамасы туралы ұжымдық шешім қабылдауы, алайда қабылданған шешім осы Саясаттың талаптарын бұзбауы тиіс.

13. Өзара ынтымақтастық

13.1. Қоғам уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, серіктестермен және клиенттермен, қоғамдық бірлестіктермен және үкіметтік емес ұйымдармен алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара түсіністік қағидаты негізінде мынадай мақсатта ынтымақтастық жүргізеді:

- алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасауда күдікті (айыпталушы) тұлғаларды, олардың орналасқан жерін, сондай-ақ осындай іс-әрекеттерге қатысы бар басқа да тұлғалардың орналасқан жерін анықтау;
- алаяқтық және / немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасау нәтижесінде алынған мүлікті анықтау және кері не мемлекет пайдасына тапсыру;
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат, мәліметтер алмасу;
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үйлестіру және бірлескен іс-шараларды әзірлеу.

14. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

14.1. Қоғам алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және өзге де заңға қайшы іс-әрекеттердің жасалуын немесе жасырылуын мүлдем қабылдамау саясатын ұстанады.

14.2. Мұндай іс-әрекеттердің жасалуы туралы арыздар, қажет болған жағдайда, сот талап-арыздарын ұсынуды, тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуды қоса алғанда, тергеп-тексерілетін және өзінің қисынды соңына дейін жеткізілетін болады.

14.3. Тергеу жүргізу кезінде тексерілетін тұлғалардың жұмыс өтілі, лауазымы, олардың Қоғаммен қарым-қатынасы ескерілмейді.

14.4. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары:

- Қоғамның алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай

саясат жүргізуі;

- Қоғам жұмыскерлерін заңға қайшы іс-әрекеттерге қарсы іс-қимылға неғұрлым белсенді қатысуға тартуға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;
- жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде адалдықты, ашықтықты, айқындылықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

15. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

15.1. Қоғамдағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тұрақты негізде мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

- Қоғам жұмыскерлерінің арасында мынадай жолмен алаяқтық іс-әрекеттерді және сыбайлас жемқорлық қылықтарын қабылдамауды қалыптастыру:

- Қоғам басшылығының жетекшілік ететін Құрылымдық бөлімшелердің жұмыскерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізуі;
- басшылықтың Қоғамда және оның еншілес ұйымдарында анықталған фактілер және олар болған жағдайда қабылданған сот шешімдері туралы Қоғам қызметкерлерінің назарына жеткізуі;
- Қоғам жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын түсіндіру бойынша жыл сайынғы оқыту семинарларын өткізу;
- лауазымдық тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауын оны жоғары тұрған лауазымға тағайындау кезінде немесе оны көтермелеу кезінде міндетті түрде ескеру қағидаларын кадрлық жұмыс практикасына енгізу;
- Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының жұмыскерлеріне, сондай-ақ үшінші тұлғаларға алаяқтық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, теріс пайдаланушылық және басқа да заңға қайшы іс-әрекеттер жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығын қамтамасыз ету.

16. Қорытынды ережелер

16.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Саясатта белгіленген талаптарды мұқият зерделеуге, түсінуге және мүлтіксіз орындауға міндеттеме алады. Осы Саясаттың ережелерімен танысқаннан кейін Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері Қоғамның лауазымды тұлғасы мен жұмыскерінің жеке ісінде сақталатын тиісті «Растау» нысанын (№1 қосымша) толтыруы тиіс.

16.2. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері алаяқтыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және осы саладағы ішкі рәсімдерді қолдану саласында оқытудан өтуге, оқудан өткені туралы және көрсетілген құжаттармен танысқаны туралы параққа қол қоюға міндетті.

16.3. Комплаенс-маман ПБД-мен бірлесіп, жыл сайын Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін алаяқтыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және осы саладағы ішкі рәсімдерді білуіне оқытуды және/немесе тестілеуді ұйымдастырады.

**«QAZAQ AIR» АҚ-ның
Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа
қарсы іс-қимыл саясатына
№1 қосымша**

Бұл нысанды мұқият зерделегеніңізді, түсінгеніңізді және «QAZAQ AIR» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды адал орындауға міндеттенгеніңізді растау үшін пайдаланыңыз.

Қоғамда еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау сәтінен бастап толтырылған және қол қойылған растау-нысаны Қоғамның әрбір жұмыскерінің жеке ісінде сақталады.

**Растау
(нысаны)**

Туісті ұяшықтарды белгілеңіз

- ☐ Мен «QAZAQ AIR» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатын зерделегенімді және түсінгенімді растаймын.
- ☐ Мен «QAZAQ AIR» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін.
- ☐ Мен Қоғамда еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау мерзімі ішінде жылына бір рет оқудан және/немесе тестілеуден өтуге келісемін және «QAZAQ AIR» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды орындауға міндеттенемін.
- ☐ Мен «QAZAQ AIR» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын бұзғанымда, мен азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуым, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымымнан босатылуым мүмкін екені туралы хабардар болдым.

Осы жерге қол қойыңыз

Т.А.Ә. _____

Қолы

Күні

**«QAZAQ AIR» АҚ-ның
Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа
қарсы іс-қимыл саясатына
№2 қосымша**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

1.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, директорлары, жұмыскерлері, агенттері, өкілетті өкілдері немесе делдалдары: -қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз игіліктерді алу мақсатында кез келген тұлғаларға олардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемеуге, төлеуді ұсынбауға және төлеуге рұқсат бермеуге;

- үкіметтік шенеунік немесе үкімет органының қызметкері немесе қандай да бір департаменттің, агенттіктің немесе өзге де үкіметтік құрылымның қызметкері немесе қызметшісі немесе қандай да бір жария халықаралық ұйымның қызметкері болып табылатын қандай да бір тұлғаға немесе үкіметтің, департаменттің, агенттіктің немесе өзге де үкіметтік құрылымның өкілі ретінде ресми түрде әрекет ететін қандай да бір тұлғаға немесе лауазымға қандай да бір кандидатқа немесе саяси немесе үкіметтік құрылымда немесе саяси партияда лауазымға тағайындалған тұлғаға тікелей немесе жанама қандай да бір ақшаны төлеуді, сыйлықтарды немесе құндылығы бар қандай да бір нәрсені беруді ұсынбауға, жүзеге асырмауға, уәде бермеуге, төлемеуге немесе авторизацияламауға келіседі.

1.2. Іскерлік өзара қарым-қатынастарды нығайту мақсатында Тапсырыс беруші осымен мынадай ақпаратты хабарлайды:

Тапсырыс берушінің ішкі саясатына сәйкес Тапсырыс беруші жұмыскерлерінің қандай да бір ақша қаражатын, қарыз алуды (шарттар жасалған қаржы институттарынан өзге), қызметтерді, ақшалай сыйақыларды, сыйлықтарды, орын ауыстыруға (саяхаттауға) жәрдемдесуді және Тапсырыс берушімен іс жүргізетін немесе іс жүргізгісі келетін кез келген жеке немесе заңды тұлғалардан өзге жәрдемді талап етуге немесе қабылдауға құқығы жоқ. Сондай-ақ, Тапсырыс берушінің бірде-бір жұмыскері кез-келген жеке немесе заңды тұлғаларға бизнеске немесе жеке мүддесіне қолайлы жағдай жасау мақсатында құнды ештеңе (мысалы, комиссиялық сыйақы, ойын-сауық, тамақ пен сусын, ақшалай сыйақы немесе сыйлықтар) беруге, ұсынуға немесе уәде беруге құқылы емес.

1.3. Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, агенттері, өкілетті өкілдері немесе делдалдары Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

1.4. Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және осы тармақта аталмаған, жұмыскерді

белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

1.5. Оны ынталандыратын Тараптың пайдасына жүзеге асырылатын әрекеттер деп:

- басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;
- қандай да бір кепілдіктер беру;
- қолданыстағы процедураларды жеделдету;
- өзінің лауазымдық міндеттері аясында орындалатын, бірақ Тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың айқындығы мен ашықтығы қағидаттарына қайшы келетін өзге де іс-әрекеттер түсініледі.

1.6. Тарапта осы бапта және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында баяндалған қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы болғаны туралы немесе болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламада Тарап екінші Тараптың, оның үлестес тұлғаларының, директорларының, жұмыскерлерінің, агенттерінің, өкілетті өкілдерінің немесе делдалдарының осы баптың немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

1.7. Осы баптың 1.6-тармағына сәйкес бұзушылық туралы хабарлама алған Тарап жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарламаны қарауға және екінші Тарапқа оны қарау қорытындылары туралы хабарлауға міндетті.

1.8. Бір Тараптың осы баптың немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қандай да бір ережелерін бұзу фактісі расталған және/немесе осы баптың 1.7-тармағына сәйкес бұзушылық туралы хабарламаны қарау қорытындылары туралы ақпаратты екінші Тарап алмаған жағдайда, екінші Тарап осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.

1.9. Тараптар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін қабылдайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін саналы күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптардың тартылу тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етеді.

1.10. Тараптар өздерінің ықтимал заңсыз іс – әрекеттері және осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарды бұзуы контрагенттің сенімділік рейтингінің төмендеуінен бастап контрагентпен өзара іс-қимыл бойынша елеулі шектеулерге, Шартты бұзуға дейінгі қолайсыз салдарларға әкеп соғуы мүмкін екенін мойындайды.

1.11. Тараптар құпиялылық режимін, сондай-ақ мыналарға негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтай отырып, Шартты орындау аясында ұсынылған фактілер бойынша тиісті талқылауды жүзеге асыруға кепілдік береді:

- заңдылық;
- адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- жариялылық және ашықтық;
- мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басымдықпен қолдану;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесетін тұлғаларды көтермелеу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы.

1.12. Тараптар Шартты орындау аясында ұсынылған фактілер бойынша тиісті талқылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ мүдделер қақтығысын қоса алғанда, практикалық қиындықтарды жою және ықтимал жанжал жағдайларын болғызбау жөніндегі тиімді шараларды қолдануға кепілдік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормаларды анықтауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтауды;
- қаржылық бақылауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- мүдделер қақтығысын болдырмау және шешуді;
- кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, жолын кесу, ашу және тергеуді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлауды;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының салдарын жоюды қамтиды;

1.13. Тараптар жалпы өтініш беруші Тарап үшін де, бұзушылық фактісі туралы хабарлаған өтініш беруші Тараптың нақты жұмыскерлері үшін де теріс салдарлардың болмауына кепілдік береді.

1.14. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында өздері үшінші тұлғалармен жасасатын шарттарға ұқсас талаптарды енгізуге және олар бойынша қажетті ақпаратты алуда бір-біріне жәрдемдесуге міндеттенеді.

1.15. Жоғарыда көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарды орындау бойынша жұмыс бабындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында Тараптар өкілдері етіп мына тұлғаларды анықтады:

- QAZAQ AIR АҚ-дан _____ Т.А.Ә. (_____ Лауазымы);
- _____ -дан _____ Т.А.Ә. (_____ Лауазымы).

**«QAZAQ AIR» АҚ-ның
Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа
қарсы іс-қимыл саясатына
№3 қосымша**

Тәуекел факторлары

1.	бұрынғы қаржылық дәрменсіздік немесе банкроттық жағдайлары	☐
2.	теріс аудиторлық қорытынды беру жағдайлары	
3.	парақорлық немесе өзге де сыбайлас жемқорлық әрекеттер үшін айыптау бойынша сотқа дейінгі тексерулер немесе сот талқылаулары туралы ақпараттың болуы	☐
4.	шарт жасасу жоспарланып отырған контрагенттің біліктілігінің, тиісті тәжірибесінің жетіспеуі, шартты орындау үшін қажетті лицензиялардың немесе рұқсаттардың болмауы не контрагенттің шарт талаптарын орындауына кедергі келтіруі мүмкін басқа да факторлардың болуы	☐
5.	өнімнің / қызметтің құны нарықтық бағадан әлдеқайда жоғары немесе төмен	☐
6.	контрагентпен жасалған шартта қажетті құжаттармен расталмаған және негізсіз жоғары болып табылатын шығыстарды өтеу көзделген	☐
7.	контрагентпен жасалған шартта өнімдер/қызметтер үшін төлеуге арналған қаражатты қызметтер көрсетілген немесе контрагент тіркелген елдерден басқа елдерде ашылған шоттарға аудару көзделген	☐
8.	контрагентпен жасалған шартта өнімдер/қызметтер үшін ақы қолма-қол төленетіні көзделген	☐
9.	контрагенттің меншік иесі не бенефициары мемлекет немесе лауазымды тұлға болып табылады	☐
10.	контрагент мемлекеттік ұйымдар немесе лауазымды тұлғалармен үлестес болып табылады	☐
11.	контрагентпен өзара әрекеттесуді лауазымды тұлға ұсынды	☐
12.	контрагент делдалдарды тартуды ұсынады	☐
13.	мүдделер қақтығысының болуы	☐
14.	контрагент бағалау рәсімдерін жүргізу үшін қажетті ақпаратты беруден бас тартады	☐

Тексеруді жүзеге асырған тұлғаның қолы:

_____ (Лауазымы, Т. А. Ә., күні)